МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ МКҚК

Жалпы білім беретін ұйымдар оқушыларының «Маңғыстаунама-2020» облыстық танымдық байқауы

Ақтау қаласы, 2020 жыл

elmaraniko.ucoz.ru

Жалпы білім беретін ұйымдар оқушыларының «Маңғыстаунама-2020» облыстық танымдық байқауын ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

Осы ереже 2020/2021 оқу жылына арналған жалпы білім беретін ұйымдары оқушыларының арасында өткізілетін «**Маңғыстаунама-2020**» облыстық танымдық байқауының мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметін, өткізу мен қаржыландыру және оқушылардың қатысуын мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін айқындайды.

- **Байқаудың ұйымдастырушысы:**

  Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы (бұдан әрі - Орталық), мектеп әкімшіліктері мен аудандық/қалалық білім бөлімдері.

- **Байқаудың мақсаты** - жалпы білім беретін мектеп оқушыларын еліміздің өткенін біліп, өлкеміздің этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, дүниетанымын білуге ұмтылдыру, қызығушылықтарын ояту.

- **Міндеті:** Мыңжылдық тарихы бар өлке туралы оқушылардың ой-танымын кеңейту, олардың бойында өзіндік көзқарастарын қалыптастыру.
- **Қатысушылар:** **«Маңғыстаунама-2020»** облыстық танымдық байқауына жалпы білім беретін ұйымдардың 8-11 сыныптарының оқушылары қатынаса алады.

II. «Маңғыстаунама-2020» облыстық танымдық байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. **Мектепішілік кезең – қыркүйек-қазан айлары;**
2. **Аудандық/ қалалық кезең – қараша айы;**
3. **Облыстық кезең – желтоқсан айы.**

1. **«Маңғыстаунама-2020»** облыстық танымдық байқауы сырттай өткізіледі.

1.1. **«Маңғыстау аңыздары»** номинациясында өлкеміздің аңыздары желісінен алынған **сюжетті с**урет салу;

Қойылатын талаптар: Байқауға әр аудан қаладан 3 оқушының 3 жұмысы ұсынылады. Суреттің оң жақ бұрышында жұмыстың тақырыбы, оқушының аты – жөні, аудан, қаласының атауы, мектебі, сыныбы мен жетекшісінің аты-жөні толық көрсетіліп жазылуы қажет.

Орындау техникасы: Жұмыс форматы – А3 түрінде. Кескіндеме (*акварель, гуашь, акрил*), графика (*тушь, перо, қылқалам, түрлі – түсті қарындаштар және т.б*). Рамаға салу міндетті емес.

1.2. «Едігенің ісі» сахналық қойылымы *(Тақырып аясында Едіге кім? Оның өнегелік ерлік істері көрсетіледі).*

Қойылатын талаптар: *(6 оқушыдан тұратын скетчте оқушылардың актерлік шеберлігі, шығарманың идеясы, тақырыптың идеяға сәйкестігі, костюмдері, сахнаның заманамен үйлесімділігі ескерілуі тиіс).*

Жетекшінің дайындаған қойылымы WORD, шрифт Times New Roman-14, 1,5 интервал, сол жақтан 2 см жол қалдырылып, компьютерде терілуі тиіс. Электрондық нұсқада тапсырылады.

1.3. «Тарих тереңінде» оқушылардың зерделеу эссесіне шығармалар желісіне арқау болған маңғыстаулық тарихи тұлғалар туралы, экологиялық апатқа ұшыраған өлке аймақтары туралы, тарихи ескерткіштер туралы ізденісі, ой-пікірі ұсынылады. Эссе жазу талабына сәйкес орындалады.

III. Қорытындылау және марапаттау

1. **«Маңғыстаунама-2020»** облыстық танымдық байқауы жеңімпаздары білім басқармасының I, II, III, IV орын дипломдарымен және сыйлықтармен марапатталады. Барлық қатысушыларға қатысқаны үшін сертификаттар беріледі.

IV. Қаржыландыру

1. Байқау шығындары бекітілген смета бойынша қаржыландырылады.
2. Жүлделі орын алған оқушылар мен оларды дайындаушы ұстаздар желтоқсанның 25- не Ақтау қаласына шақырылып, марапатталады.
3. Облыстық марапаттау шарасына қатысушылар мен жетекшілердің іссапар шығындары (барып-келу жолы) жіберуші жақ есебінен төленеді

Облыстық сайысқа қатысуға сұраныс үлгісі

(Сұраныс желтоқсанның 10-на дейін қабылданады)

	Оқушының аты-жөні	қаласы ауданы	Мектебі, сыныбы	Бағыты	Дайындаған жетекшінің аты-жөні, телефоны

Ұйымдастыру алқасы

Маңғыстау облыстық Балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы:

Байланыс телефондары: 8(7292) 605400, 87013615847-Ж.Б.Жеткізген

Эл.пошта ocdt-2017@mail.ru